

Орта-Азиялық Жоғары медициналық колледжінде 23-25 сәуір аралығында «Арнайы пәндер», «Кәсіптік пәндер» және «Жалпы білім беру» ПЦК-комиссияларына тиісті пәндерден 1-3 курстар арасында колледжішілік олимпиада ұйымдастырылды. Колледж студенттеріне олимпиада туралы Ереже колледж сайтында жарияланып, шарттары түсіндірілді.

Колледж студенттерінің пәндік олимпиадасы туралы ереже олимпиаданың мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру мен өткізу тәртібін, оның ұйымдастыру-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуін, олимпиаданың қатысушыларын, жауаптыларын, олимпиаданың қорытындыларын шығару және жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің марапатталуын белгілейді.

Олимпиаданың негізгі мақсаттары:

- студенттердың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін анықтау;
- ғылыми-зерттеу қызметі мүддесіне ынталандыру;
- дарынды студенттерге қолдау көрсету үшін қажетті жағдайлар жасау, студенттер арасында ғылыми білімді тарату.

Олимпиадаға қатысты болған сұрақтарды қағаз және электронды нұсқасын пәп мұғалімі 5-күн бұрын тағайындап ПЦК-төрағасы және төрайымдарына тапсырды. Тапсырмалар колледж директоры тарапынан бекітіліп, жүйеге енгізуге рұқсат берілді.

Олимпиада екі кезеңде өткізілді:

I кезең – іріктеу, пән бойынша 100 сұрақтан тұратын тесттік жұмыс орындайды.

II кезең – 1-кезеңде шектік баллды жинаған (50 балл) студенттер олимпиадан 2-кезеңіне өткізілді. Тәжірибелік жұмыс, билет негізінде орындалды.

Жалпы олимпиада жоғары деңгейде өткізілді. Пәндер бойынша 115 студент олимпиадаға қатысуға өтініш берген болатын, солардың ішінен 75 студент 2- кезеңге өтіп, өз білім деңгейлерін сынады. Олимпиада нәтижесі бойынша жоғары балл жинаған студенттер колледж директоры тарапынан Алғыс хат және сыйлықтармен марапатталды.